



## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы **Нура ЖББМ**  
 Мектепалды даярлық **сынып**

Балалардың жасы **5 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі **111-апта 13 - 17 сәуір 2025-2026 оқу жылы**

Адал азамат біртұтас тәрбие « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы «Апта дәйексөздері»- «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.04	Сейсенбі 14.04	Сәрсенбі 15.04	Бейсенбі 16.04	Жұма 17.04
<b>Балаларды қабылдау</b>	<p>Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату</p> <p>Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатысады.</p> <p><b>«Күй күмбірі»:</b> «Шалқыма.»</p> <p><b>Мақсаты:</b> балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру.</p> <p><b>10. «Көңіл-күй гүлі»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Эмоция мен жақсы қарым-қатынасты білдіру.</p> <p><b>Көрнекілік:</b> Үлкен гүл макеті (қағаздан), ортасында “күлімдеген күн”.</p> <p><b>Барысы:</b></p> <p>Әр бала гүлге жақындап:</p> <p>– Менің көңіл-күйім тамаша, себебі мен достарымды көрдім! 😊</p> <p>деп бір жапырақ жабыстырады. Гүл толған сайын бәрі қуанып, “күніміз ашылды!” дейді</p>				
<b>Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<p><b>Өнегелі 15 минут: Ата-аналарға кеңестер</b></p> <p><b>“Жолда абай бол!”</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Жол қауіпсіздігі ережесін меңгеру.</p> <p><b>Ата-аналарға ұсыныс</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Баламен бірге жүргенде жол ережесін үнемі айтып, түсіндіріп отырыңыз.</li> <li>• Бағдаршам түстерінің мағынасын күнделікті қайталап, есте сақтауға көмектесіңіз.</li> <li>• Көшеден өтер кезде баланың қолынан ұстап, қауіпсіздікті бірінші орынға қойыңыз.</li> <li>• Жаяу жүргізушілер жолағымен ғана өтуді әдетке айналдырыңыз.</li> <li>• Үйде жол белгілерін сурет, ойыншық немесе сурет арқылы таныстырыңыз.</li> <li>• Өз әрекетіңізбен үлгі болыңыз, себебі бала ересектерді қайталайды.</li> </ul>				
<b>Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті ролдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-</b>	<p><b>«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»</b></p> <p><b>Қарамырза</b></p> <p>Ойын басталмас бұрын оның ережесі түсіндіріледі. Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларға « ойынаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырған бірі екіншісіне: «Ассалаумағалейкум. Қарамырза!» - дейді. Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы :</p>			<p><b>«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»</b></p> <p><b>Шертпек.</b></p> <p>Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды нығыз салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды. Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі</p>	

<p>әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>«Уағалейкум ассалам, бірінші қарамырза» - деп жауап беруі керек, егер «уағалейкум», - деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады. Сөйтіп, аз дан соң ойыншылар «жеңгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топқа бөлінеді. «жеңген» жақ «жеңілген» жаққа жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді</p>				<p>мандайынан шертіп кетеді. Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады. Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады. Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді.</p>
<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p><b>Таңғы жаттығу кешені № 12</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</b></p>	<p><b>Менің Қазақстаным</b> ҚР гимні «Құрастыр да, әңгімеле» Материал: Лего, кубик, түрлі пішіндер. Тапсырма: Бала өзі қалаған затты (үй, көлік, жануар) құрастырады.</p>	<p><b>«Өз суретім»</b> Материал: Қағаз, бояу, қарындаш. Тапсырма: «Менің арманым», «Менің отбасым», «Табиғат» тақырыбында сурет салады.</p>	<p><b>«Жұмбақ іздеуші»</b> Материал: Суреттер, бөлмеге жасырылған ұсақ ойыншықтар. Тапсырма: «Қызыл ойыншықты тап», «Дөңгелек затты тап» деп бағыт беріледі.</p>	<p><b>«Менің көңіл-күйім»</b> Материал: Өртүрлі көңіл-күйді бейнелейтін смайликтер. Тапсырма: Бала өзінің көңіл-күйін таңдап, неге солай екенін әңгімелейді.</p>	<p><b>«Кімнің көлігі?»</b> Материал: Машина, автобус, ұшақ, кеме ойыншықтары. Тапсырма: Әр көліктің қайда жүретінін айту (жолда, әуеде, суда).</p>
<p><b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b></p>	<p><b>I - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Суреттердегі заттарды атау <b>Міндеті:</b> - Балалардың сөздік қорын, фонетика, фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> сөйлем құрайды, сөйлемнің сызбасын сызады, сөздерді буынға бөледі, сөздерді буын бойынша сәйкестендіреді, берілген дыбысқа сөз ойлайды және айтады, сөздердің жалпы атауын ағайды. <b>Түсінеді:</b> сөйлемнің сөзден, сөздің дыбыстан тұратынын түсінеді. <b>Қолданады:</b> дыбыстарды ажыратады, сөздерді буынға бөледі  <i>Дидактикалық жаттығу:</i> <b>«Тіксіз белгіні көтер»</b> Педагог жауап жүйіне дауысты</p>	<p><b>Математика негіздері</b> Уақыт, Апта күндері <b>Міндеті:</b> - Цифрблатта уақытты және оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>менгереді:</b> апта күндерінің атаулары мен сәйкестілігін айтулы; <b>түсінеді:</b> оқиғалар уақытының кезектілігін (алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек); <b>қолданады:</b> апта күндерін рет-ретімен және шапшаңқы айта алады.  Апта күндерін ағайды. Оларды үйлерге орналастырады. Үйлердің нөмірін жазады. Балалар</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Буынға буын қос <b>Міндеті:</b> - Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> сөздерді буынға бөледі. <b>Түсінеді:</b> буынға бөледі, оны сызба түрінде көрсетеді. <b>Қолданады:</b> буынға бөледі көрсетуде сызбаны қолданады. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттегі заттарды ата. Оларды буынға бөліп, буын санын анықта. Әр сөздің бірінші буынын қосып, сөз құра. Шыққан сөзді сәйкес суретпен қос. 2. Суреттегі сөйлеу мүшелерінің қайсысы дауыссыз дыбыстарды айтқанда кедергі келтіреді. Белгіле. 3. Штрихта. 4. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Буындардан сөз құра <b>Міндеті:</b> - Буындардан сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> сөздерді буынға бөледі. <b>Түсінеді:</b> буынға бөледі, оны сызба түрінде көрсетеді. <b>Қолданады:</b> буынға бөлуі көрсетуде сызбаны қолданады. Буындармен жұмыс. «Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы – Балалар, мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз бір буыннан тұрса, бір цифрын, егер сөз екі буыннан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. Мысалы: тай, ара, май, сары, су, ағаш, бұзау, бор, қол, тарак.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Буындардан сөз құра <b>Міндеті:</b> - Буындардан сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> сөздерді буынға бөледі. <b>Түсінеді:</b> буынға бөледі, оны сызба түрінде көрсетеді. <b>Қолданады:</b> буынға бөлуі көрсетуде сызбаны қолданады. Буындармен жұмыс. «Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы – Балалар, мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз бір буыннан тұрса, бір цифрын, егер сөз екі буыннан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. Мысалы: тай, ара, май, сары, су, ағаш, бұзау, бор, қол, тарак.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> Жыл мезгілдері. Жыл айлары <b>Міндеті:</b> - Жылдың айлары туралы ұғымдырып қалыптастыру, оларды ретімен атауға үйрету <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>менгереді:</b> жыл айларының реттілігімен таныстыру. <b>түсінеді:</b> жыл мезгілдерінің маусымдық айырмашылықтарын; қолданады: жыл мезгілдерінің айларын олардың реттілігімен айту дағдысы Әдістерді қолданады – өлеңді жақтау. Өлеңді педагог өз шығармашылығына сәйкес таңдайды. Үлгі: Ғасырлармен ізімізден біріміздің ереміз, Жыл он екі ай менбер жасап келеміз. Қаңтар менен ақпан қарға орайды. Ақ боранда гүтек болып борайды. Наурыз бенен сәуірде сел ағайды. Мамыр келіп қызғалдақтар жаңады, Маусым, шілде ыстық әкеп, терлетіп, Егіншілер тамызда</p>

	<p>дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтканда, сары түсті дөнгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтканда, кызыл дөнгелекті көтереді.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».</b></p> <p>Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, кайта педагогке лақтыруы керек.</p> <p><b>Мысалы:</b> «а» атма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с» сағыз, «р» раугаш, «у» уық, «к» кілем, «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырыша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «ц» цетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «т» тарта, «л» лақ, «э» элеватор т.б</p>	<p>тапсырманы орындайды. Жұмбақ шешуді сұрайды. Жанбыр жауып басылды. Аспан шайдай ашылды. Қызыл, сары, жасылды, Көк те бір зат асылды. (Кемпіркосак)</p> <p>Кемпіркосактын неше түсі бар?</p> <p>Апта күндеріндей Кемпіркосактын да жеті түсі бар.</p> <p><b>3-тапсырма.</b> Апта күндерін кемпіркосактын түсімен бояйды. Балалар тапсырманы орындайды.</p> <p><b>«Келесі апта күнін ата» (доппен) дидактикалық ойыны</b></p> <p>Балалар шенберге тұрады. Бір бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін атауы керек.</p>		<p>бу, мылтық, жақ, кітап, қоңыр, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, із, көз, төз, мұз, шөп, сөмке, төсек, раугаш, көк, сүт, үкі, би, ұр, қал, бау, ау, ай т.б.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Суреттерді топтастыр»</b> (Педагог суреттерді көрсетеді). Мақсаты: сөздегі бірінші дыбысты анықтап үйрету. Әртүрлі дыбыстан басталатын заттық суреттер, әр дыбысқа бірнеше сурет. Педагог балалардан суреттерді бірінші дыбысына байланысты топтастыруларын сұрайды.</p> <p>«Т»: таға, тас, тарак, трактор, тауық, тырма, тырнақ, тон; «Қ»: қасық, қап, қамыс, қалта, қайшы, қасқыр, қозы, қобыз, қой, қол, қабат т.б – Балалар, суреттерді қанша топқа бөліңдер, олар қандай дыбыстан басталып тұр?</p>	<p>егін орады. Қырғуейкте жемістерді тереміз. Қазан еменен қарашада сарғылт түске еиеміз.</p> <p>Желтоқсанмен Жаңа жыл да келеді, Одан кейін қайта қантар ізінен біз ереміз! Педагог кідірткен кезде балалар таныс жолдарды толықтырады. Мысалы, әр екінші жолдың соңында айдың атын немесе рифмалық сөзді өткізіп жібереді. (Үлестірмелі материалдар, №25, №26, №27 парақтар). Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суреттерге қара. Жыл мезгілдерін ретімен сызып қос. Әр жыл мезгіліндегі айларды ата. 2-тапсырма. Сен ұнататын жыл мезгілінде ағаштың суреті қандай болады? Ағаштың суретін аяқтап сал. Ағашты өзіңнің сүйікті жыл мезгіліндегідей бейнеде боя. Педагог баладан өзінің сүйікті жыл мезгілін атауды және бұл жыл мезгілін неліктен ұнататындығын сұрап біледі. Әрі қарай, жылдың осы мезгілінде ағаштар қандай бейнеде болатынын сұрайды және ағашты өзінің сүйікті жыл мезгіліндегідей етіп бояуды ұсынады.</p>
<p><b>«Үнемді тұтыну»- Мақсаты:</b> Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу</p>					

“Сулы үнемді тұтыну” ертегісі Ертеде бір әлемі елде әртүрлі жануарлар мен өсімдіктер өмір сүретін. Бұл елде судың маңызы өте зор болатын, себебі ондағы барлық тіршілік суың арқасында дамып, өркендейтін еді. Бірақ бір күні елде үлкен құрғақшылық басталып, барлық жануарлар мен өсімдіктер су тапшылығынан зардап шеге бастады. Елдің ең ақылдысы – Қоян атты жануар, суды үнемдеудің маңыздылығын түсініп, барлық тұрғындарды жинап, оларға былай деді: “Құрметті достар, біз суды ұқыпты пайдаланып, үнемдеуді үйренуіміз керек. Әйтпесе, біздің әлемі еліміз құрып кетуі мүмкін.” Барлық жануарлар Қоянның сөздерін тыңдап, суды үнемдеудің жолдарын ілдей бастады. Құс су ішетін жерді тек таңертең ерте және кешке кеш пайдалану керек екенін айтты, себебі күннің ыстығында су тез буланып кетеді. Балықтар суды ластанмауға шақырып, өзен жағалауындағы қоқыстарды жинап тастады. Арыстан мен Піл барлық жануарлар арасында суды тең бөледі ұйымдастырды. Бірнеше апта өткен соң, елде жаңбыр жауып, барлық өзен көлдер қайта толды. Жануарлар суды үнемдеудің маңыздылығын түсініп, оны үнемі ұқыпты пайдалануды әдетке айналдырды. Олар бірігіп жұмыс істегенде, көз келген қиындықты жеңуге болатынын ұғынды. Бұл ертегі суды үнемдеудің және бірге жұмыс істеудің маңыздылығын көрсетеді.



## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p><b>Тіл дамыту</b> «Қасқыр мен түлкі» ертегісі <b>Міндеті:</b> - Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу <b>Күтілетін нәтиже:</b> Жасайды: дыбыстарға сөз ойлап айтады, ертегіні драмалайды; <b>Түсінеді:</b> «з» «с» дыбыстарының ұқсастығын, бойларын құлық, айлакерліктен алыс ұстауды түсінеді; <b>Қолданады:</b> ертегі кейіпкерінің құйрығын тауып, суретті толықтыра алады.  Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет көреді. Екеуінің де жегісі келіпті.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> Зымыран <b>Міндеті:</b> - Байланыстырып сөйлеу. -Өз бетінше қарым-қатынас жасауға әңгімелесуге баулу <b>Күтілетін нәтиже:</b> Жасайды: Зымыранды, Байқонырды білді; <b>Түсінеді:</b> Отандық ғарышкерлер жайында әңгіме айтты; <b>Қолданады:</b> Ғарышкерлердің киімдерін ажыратты; - «Зымырандағы Батырлар» әңгімелесу. - Балалар, бұл кімдер?</p>	<p><b>Математика негіздері</b> Жыл мезгілдері, Жыл айлары <b>Міндеті:</b> - Жылдың айлары туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды атауға үйрету, оқталардың реттілігін анықтау, жыл мезгілдерін ретімен атау <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>менгереді:</b> жыл айларының реттілігімен таныстыру. <b>түсінеді:</b> жыл мезгілдерінің маусымдық айырмашылықтарын; <b>қолданады:</b> жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдысын <b>Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма.</b> <b>Қысқы және жазғы спорт түрлерін ата. Қажетті дөңгелекпен сызып қос. Ортақта неше спортшы</b></p>	<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> Қоршаған рен <b>Міндеті:</b> - Балалардың рендер туралы білімдерін кеңейту <b>Күтілетін нәтиже:</b> Жасайды Балалардың рендер туралы білімдерін кеңейту. <b>Түсінеді:</b> Сақтандырылған рен жайлы түсініктерін қалыптастыру. <b>Қолданады:</b> Балалардың ой-өрістерін, білімдерін кеңейту; қызығушылық, белсенділігін арттыру  Проблемалық сұрақ –</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> Ұл бала мен қыз баланың айтысы <b>Міндеті:</b> - Айтыс туралы түсінігін кеңейту. Көркем сөздерді жатқа айтуға баулу. Бір-біріне сыйластыққа тәрбиелеу. <b>Күтілетін нәтиже.</b> Жасайды Айтыс туралы түсінігін кеңейту. <b>Түсінеді:</b> Көркем сөздерді жатқа айтуға баулу. <b>Қолданады:</b> Бір-біріне сыйластыққа тәрбиелеу.  Суретте ұл бала мен қыз баланың айтысын отырып сөтті. Қолдарыңда домбыра. – Суретте балалар қалай кінәтен? Олардың қолдарыңда не бар? Халық ауыз әдебиетінің бір</p>
--	--	--	---	---

Касқыр Түлкіге:  
 Сен жей ғой, досым. – депті.  
 Түлкі арсалаңдап:  
 Менің аузым ораза ғой, сен-ақ  
 жей ғой, – депті.  
 Касқыр етті жейін деп тұмсығын  
 соза бергенде мойнын қақпан  
 қауып алып, ет ұшып кетіпті.  
 Түлкі етті қағып алып жеп  
 қойыпты.  
 Касқыр:  
 Ей, досым-ау, сенің аузың ораза  
 емес пе еді? – десе, Түлкі:  
 Оразам сенің мойнына түсті ғой,  
 – деп зыта жөнеліпті.

Сөздік жұмыс:  
 «Ораза – тамақ жемей өзін  
 ашкүреак ұстау» деген мағына  
 екенін түсіндіреді. Педагог  
 балаларға сұрақ қою арқылы  
 ертегі мазмұнын пысықтайды.  
 Ертегіде нелер жайлы айтылған?  
 Касқыр мен Түлкі дос болған ба?  
 Екеуі жолдан Касқыр Түлкіге не  
 деді?  
 Сонда Түлкі не дейді?  
 Еттегі қақпанға қайсысы түседі?  
 Түлкі сияқты айлакер, қу болу  
 керек пе?  
 Ертегі қызық бекен, сендерге  
 ұнады ма? Жинастырға 3–4  
 баладан сұрап шығады.  
 Дидактикалық ойын:  
 «Түлкінің құйрығын тап».  
 Ойын шарты: балалар қима  
 суреттерден Түлкінің құйрығын  
 тауып көрсетеді

- Неге оларды  
 Зымырандағы батырлар  
 деп атап  
 тұрмыз?  
 - Біз мамандықтармен  
 таныстық емес пе? Қандай  
 мамандық?






**Токтар Оңғарбайұлы  
 Әубәкіров** Қарағанды  
 облысы Қарқаралы  
 ауданының Бірінші май  
 ауылында дүниеге келген.  
**Қазақстаннан шыққан  
 тұңғыш ғарышкер.**  
 Кенес Одағының Батыры,  
 Қазақстанның Халық  
 Қаһарманы, авиация  
 генерал-майоры.



бар? Цифрды қоршап сыз.  
 Тапсырманың жалғасында педагог  
 балаларға ұнайтын спорт түрлерін  
 атауды сұрай алады. Үлестірмелі  
 материал. «Біз жолменен жүреміз»  
 жаттығуы. (№4 парақ). Педагог  
 саусақпен жол бойымен жүргізуді  
 сұрайды. Нүктені көрсетеді, бұл –  
 қозғалыстың басталуы. «Үй»  
 саусақ гимнастикасы. Педагогтің  
 өз шығармашылығына қарай  
 жүргізледі. Үлгі: Мен үй салғым  
 келеді. (Қолдарды үйшік етіп  
 ұстап, жоғары көтереді.) Терезелер  
 саламын. (Екі қолдың  
 саусақтарының ұшын дөңгелектеп  
 түйістіреді.) Үйге есік саламын.  
 (Екі қолдың алақандарын тігінен  
 біріктіріп ұстайды.) Қайың егіп  
 суарамын. (Бір қолды жоғары  
 көтеріп, «саусақтарды жан-жаққа»  
 ашады.) Жан-жағымда қоршау бар,  
 Итті ұстайтын құрсау бар. (Қолды  
 тұтқа жасап, алдына дөңгелектеп  
 ұстайды.) Күн шуақтап, жанбыр  
 жауды. (Алдымен қолды жоғары  
 көтеріп, саусақтар ашылған күйде,  
 содан кейін төменге түсіріп,  
 қолдарды сілкілейді.) Гүлдер өсті,  
 қаптап бауды. (Алақанды  
 жұдырықпен беттестіріп,  
 саусақтарды ашады – «қызылдық  
 бүршігі».)

Жан-жануарлар жауынан  
 қалай қорғанады? – Олар  
 әртүрлі айдалармен, өткір  
 мүйіздермен, тырнақтар  
 мен тістері арқылы  
 қорғанады, кейбіреуі  
 дұшпандарын қорқытатын  
 улы денесінде өндіреді. –  
 Қорғаныш рең деген не  
 екенін білесіңдер ме? –  
 Балалар, жануарлардың да  
 адамдар сияқты түрлі түсті,  
 әртүрлі ою-өрнекті  
 «киімдері» бар. Неліктен  
 жануарлардың түстері  
 әртүрлі? (балалардың  
 жануарлар жаулардан  
 қорғану үшін ешқандай  
 ерекше әрекет жасамайды.  
 Табиғат оларға қамқорлық  
 жасап, жауларынан  
 қорғануға мүмкіндік  
 беретін әртүрлі қорғаныс 81  
 құралдарын берді.  
 Дәптердегі кейіпкер –  
 Саққұлақтың сұрақтарына  
 жауап береді. Зерттеу  
 жұмысына қатысып,  
 жануарларға қорғаныш  
 реңін сақтау үшін қандай  
 құралдар қажеттігін  
 анықтайды. –  
 Жануарлардың қандай  
 ерекше қорғаныстары бар?  
 – Тікенді инелер, мүйіз, у,  
 түстері, жүйрік аяқтары,  
 тырнақтар мен тістер т.б. 1-  
 слайд. Жануарлардың  
 қорғаныш түсі бар,  
 сондықтан бұл  
 жануарларды жейтін  
 жыртқыштар оларды көре  
 алмайды, кейбір  
 жануарларда түс ескерту

түрі – айтыс. Айтыс – табан  
 астында сөз тауып айтылатын сөз  
 сайысы. Бұл ата-бабамыздан келе  
 жатқан дәстүр. Бүгін біз екі топқа  
 бөлініп, ұлдар мен қыздардың  
 айтысын тыңдаймыз. Бір-бірімізге  
 демей болып, қошеметтеп,  
 көмектесіп отырамыз. Қыздар он  
 жақта, ұлдар сол жақта отырады.  
 Педагог айтыстың мазмұнын  
 түсіндіреді Сөздік жұмысы: дәстүр  
 – атадан балаға қалып, әдетке  
 айналған құндылықтар жүйесі  
 сайгүлік – тұлпар, арғымақ қамшы  
 – салтатты адамға қажетті ат  
 айдайтын құрал Өлең мазмұны  
 бойынша сұрақ-жауап: – Ұл мен  
 қыз не туралы айтысты? Олардың  
 қолында не болды? – Қыздар бұл  
 күнге не дайындалды? Жігіттер  
 қандай өнер көрсетті?

				<p>1. <b>Състояние на работното място</b></p> <p>2. <b>Състояние на оборудването</b></p> <p>3. <b>Състояние на документацията</b></p> <p>4. <b>Състояние на околната среда</b></p> <p>5. <b>Състояние на персонала</b></p> <p>6. <b>Състояние на безопасността</b></p> <p>7. <b>Състояние на качеството</b></p> <p>8. <b>Състояние на екологията</b></p> <p>9. <b>Състояние на социалните аспекти</b></p> <p>10. <b>Състояние на законодателството</b></p>	
<p>Матрица на оценката на риска</p>					
					
<p>1. <b>Състояние на работното място</b></p> <p>2. <b>Състояние на оборудването</b></p> <p>3. <b>Състояние на документацията</b></p> <p>4. <b>Състояние на околната среда</b></p> <p>5. <b>Състояние на персонала</b></p> <p>6. <b>Състояние на безопасността</b></p> <p>7. <b>Състояние на качеството</b></p> <p>8. <b>Състояние на екологията</b></p> <p>9. <b>Състояние на социалните аспекти</b></p> <p>10. <b>Състояние на законодателството</b></p>	<p>1. <b>Състояние на работното място</b></p> <p>2. <b>Състояние на оборудването</b></p> <p>3. <b>Състояние на документацията</b></p> <p>4. <b>Състояние на околната среда</b></p> <p>5. <b>Състояние на персонала</b></p> <p>6. <b>Състояние на безопасността</b></p> <p>7. <b>Състояние на качеството</b></p> <p>8. <b>Състояние на екологията</b></p> <p>9. <b>Състояние на социалните аспекти</b></p> <p>10. <b>Състояние на законодателството</b></p>	<p>1. <b>Състояние на работното място</b></p> <p>2. <b>Състояние на оборудването</b></p> <p>3. <b>Състояние на документацията</b></p> <p>4. <b>Състояние на околната среда</b></p> <p>5. <b>Състояние на персонала</b></p> <p>6. <b>Състояние на безопасността</b></p> <p>7. <b>Състояние на качеството</b></p> <p>8. <b>Състояние на екологията</b></p> <p>9. <b>Състояние на социалните аспекти</b></p> <p>10. <b>Състояние на законодателството</b></p>	<p>1. <b>Състояние на работното място</b></p> <p>2. <b>Състояние на оборудването</b></p> <p>3. <b>Състояние на документацията</b></p> <p>4. <b>Състояние на околната среда</b></p> <p>5. <b>Състояние на персонала</b></p> <p>6. <b>Състояние на безопасността</b></p> <p>7. <b>Състояние на качеството</b></p> <p>8. <b>Състояние на екологията</b></p> <p>9. <b>Състояние на социалните аспекти</b></p> <p>10. <b>Състояние на законодателството</b></p>	<p>1. <b>Състояние на работното място</b></p> <p>2. <b>Състояние на оборудването</b></p> <p>3. <b>Състояние на документацията</b></p> <p>4. <b>Състояние на околната среда</b></p> <p>5. <b>Състояние на персонала</b></p> <p>6. <b>Състояние на безопасността</b></p> <p>7. <b>Състояние на качеството</b></p> <p>8. <b>Състояние на екологията</b></p> <p>9. <b>Състояние на социалните аспекти</b></p> <p>10. <b>Състояние на законодателството</b></p>	





орнына қою керек.

**Қауіпсіздік сабағы : «ОЙЫН АЛАҢДАРЫНДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»**

**Мақсаты:** балаларға жазатайым оқиғалар мен жарақаттардың алдын алу үшін ойын алаңдарындағы қауіпсіз жүріс-тұрыстың негізгі ережелерін үйрету. .

Ойын алаңдарындағы жалпы қауіпсіздік ережелері: - Құлап кетпеу және басқа балалармен соқтығыспау үшін тым жылдам жүгірмеңіз. - Құмды, тасты немесе басқа заттарды лақтырмаңыз. - Итермеңіз, күреспеңіз, төбелеспейсіз. Откешіекте ойнау ережелері - Откешіекте ойнау ережелері арқандардан немесе тұткалардан ұстап тербелу керек. - Откешіек үстінде тұруға немесе одан секіруге болмайды. - Түсер алдында откешіек толық тоқтағанша күтіңіз. Сырғымада өзін-өзі ұстау ережелері: - Ляғыңызды ала созып, отырып сырғанайыз. - Сырғыманың көбеу бөлігіне көтерілмеңіз. - Төмен түспес бұрып сырғыманың төменгі жағында ешкім жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Карусельдегі тәртіп ережелері: - Айналған кезге тұткалардан ұстаныыз. - Айналып жатқанда, карусельден түсуге тырыспаңыз. Құм жәшігіндегі мінез-құлық ережелері: - Басқа балаларға құм шашпаныыз. - Ойыншықтарды немесе басқа заттарды тым терең жерге комбеніыз. «Дұрыс-бұрыс» ойыны Тәрбиеші суреттері

**Пайдалы сілтемелер:** <https://orken-instituty.kz/ru/telefon-yachib-linij> <https://youtu.be/6V3tSWZCpte?si=V-WrYZRhRjt5-la>





көрсетеді немесе әртүрлі жағдайлар туралы әңгімелейді, содан кейін балалар көргендері туралы дұрыс па, жоқ па деп айту керек. Мысалы: «Бала өткеншеkte тұр» (бұрыс), «Бала өткеншеkteгі тұтқалардан ұстап тұр» (дұрыс).					
<b>4 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>					
	<p><b>Дене тәрбиесі</b>          Менің көңілді добым  <b>Міндеті:</b> Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу.  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Жасайды:</b> Допты екі қолымен жүргізу  <b>Түсінеді:</b> арақашықтығы 4 метр жүргізу  <b>Қолданады:</b> допты алып жүреді          «Жаңылысқан ұтылады»          «Доп» тактайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тактайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады. «тырна» тактайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады.          Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау.          Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қалағалау.</p> <p>Арқанмен айналымалы жаттығулар          1. Қайтпас қайсарлар»          Арқандармен қырындап жүру.          Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру.          Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының баспа жерге қойып, дұрыс жүруін қалағалау.</p>	<p><b>Музыка</b>          Наурыз жыл басы  <b>Міндеті:</b> - Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйеніп отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> эмоционалды түрде әндерді айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады, би қимылдарын жасайды.  <b>Түсінеді:</b> Наурыз мерекесі күн мен түннің тенелуі, табиғаттың жанару мерекесі екенін түсінеді.  <b>Қолданады:</b> аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын          Музыка тыңдау:          «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова)          Ән айту:          «Қайырлы таң» (Е. Өміров)          «Наурыз тойы» (Т. Мұратов)          Музыкалық-ырғақтық қимылдар:          «Женіл би» (Т. Ломова)          Билер:          «Қоян бий» (В. Питерцев)          Ойындар, хорөвөдтар:          «Төлдер» (Д. Ботбаев)          Музыкалық аспапта</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>          Менің көңілді добым  <b>Міндеті:</b> - Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4-5 метр).  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Жасайды:</b> Допты екі қолымен жүргізу  <b>Түсінеді:</b> арақашықтығы 4 метр жүргізу  <b>Қолданады:</b> допты алып жүреді</p> <p>«Жаңылысқан ұтылады»          «Доп» тактайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тактайшасын көрсеткенде арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тактайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады.          Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау.          Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек. Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қалағалау.</p> <p>Арқанмен айналымалы жаттығулар          1. Қайтпас қайсарлар» Арқандармен қырындап жүру.          Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру.          Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының баспа жерге қойып, дұрыс жүруін қалағалау.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>          Сықырлауық  <b>Міндеті:</b> -Қазақ халқы көлөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп)сөздермен толықтыру  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Жасайды.</b> Сықырлауық (есік) киіз үйдің есігі екенін біледі;  <b>Түсінеді.</b> Атауын айтып, буынға бөледі: М аңдайша, босаға, табалдырық сөздерін түсінеді;  <b>Қолданады:</b> «Н», «Ғ», «Қ» дыбыстарының орнын табады</p> <p><b>Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)</b>          1. Педагог: Сәлеметсіңдер ме, балалар!  <b>Балалар:</b> Сәлеметсіз бе!          Педагог: Балалар менің қолымда сурет бар. Бұл ненің суреті?  <b>Балалар:</b> Есік          Педагог: Дұрыс айтасыңдар, есік. Бірақ бұл қарапайым есік емес. Киіз үйдің есігін сықырлауық дейді. Ол</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>          Менің көңілді добым  <b>Міндеті:</b> - Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Жасайды:</b> Допты екі қолымен жүргізу  <b>Түсінеді:</b> арақашықтығы 4 метр жүргізу  <b>Қолданады:</b> допты алып жүреді</p> <p>«Мың бұралып майысқан» – арқан төмендеген сайын, арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп кетуде күш сынасады.          Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынан өтеді.          Тепе-теңдікті сақтап, артқа қарай тек қана арқанның тұсына келгенде қайырылып өтуге машықтанады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны:          «Арқаннан секіру»          Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады. Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады. Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді</p>

		<p>ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>		<p>босаға, табалдырық, маңдайшадан тұрады. Босаға — үй есігінің екі жақтауы. Киіз үйдің де, басқа үйлердің де босағалары бұрын ағаштан жасалып, қолдан құрастырылған. Қазіргі кезде Босаға есікпен бірге зауытта ағаштан, металдан, темір-бетоннан әзірленеді. Қазақтар Босағаны қасиетті санаған. «Босағаны керме» (немесе Босағаға керілме) деген тыйым осыдан туған.</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.			

Сәуір	Сәуір	Сәуір	Сәуір	Сәуір	Сәуір
<p><b>Серуен-Бақылау №13</b>  <b>Бақылау:</b> Бұлттарды бақылау  <b>Мақсаты:</b> әлемді жалпы түсінудің негізін ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру</p> <p><b>Бақылау барысы</b>  <b>Көркем сөз «Бұлт»</b>  <b>Ә. Ақынбекұлы</b>  Бұлттың қайда тұрағы,  Біле алмадым мұны әлі.  Білерім көк аспанның  Бұлт қонғалы бұлағы.  <b>Жеке жұмыс</b>  ♦ Аспанды қараңдар, не көріп тұрсыңдар?  ♦ Бүгінгі бұлттар қандай?  ♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?  ♦ Бұлт қай бағытқа жүзін барады?</p> <p><b>Еңбек</b>  Бұлт пішіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу  <b>Мақсаты:</b> бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету.  Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.  <b>Қимылды ойын «Үйсіз қоныс».</b>  <b>Мақсаты:</b>  — бір-біріне саяқтықпен жүзге блуды үйрету;  — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.  Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша</p>	<p><b>Серуен-Бақылау №14</b>  <b>Бақылау:</b> Күнді бақылау  <b>Мақсаты:</b> күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Бақылау барысы</b>  Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:  Үлкен алтын табақтан,  Әлемге нұр таратқан.  <i>(күн)</i>  <i>Алауға орханып,</i>  <i>Көкке орлеп шығады.</i>  <i>Бір айналып орханып,</i>  <i>Көкжиекке бұғады.</i>  <i>(күн)</i>  Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылады. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.  <b>Жеке жұмыс</b>  *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?  *Күн қай жақтан шығады?  *Қай жаққа батады?  *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?  *Неге?  <b>Зерттеу қызметі</b>  Ағаш, ыластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады?  Қандай заттар тез қызды, қоныр түсті ме, әлде ашық түсті ме?  Күннің көзіне ұзақ ұшық қандай заттың көмегімен</p>	<p><b>Серуен-Бақылау №15</b>  <b>Бақылау:</b> Желді бақылау  <b>Мақсаты:</b>  - жел туралы түсініктерін бекіту;  - жел түрлерін есте сақтау.</p> <p><b>Бақылау барысы</b>  Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:  Ағаштарды шайқайды,  Көзге көрінбейді.  Шарлағанда сай-сайды,  Бір сәт ерінбейді. (жел)  Тәрбиеші балаларға айналасы бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:  ♦ Желдің қандай түрлері болады?  ♦ Жел неге соғады?</p> <p>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысағын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.  <b>Жеке жұмыс</b>  *Барынша қатты желдердің атын ата? <i>(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)</i>  ♦ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды)  ♦ Желдің ізін көруге болады ма?  <b>Зерттеу жұмысы</b>  Компас арқылы желдің бағытын анықтау.  Флюгердің көмегімен желдің</p>	<p><b>Серуен-Бақылау №16</b>  <b>Бақылау:</b> Топырақты бақылау  <b>Мақсаты:</b> торф топырағының қыртысымен таныстыру .</p> <p><b>Бақылау барысы</b>  Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тынайтықш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай сокпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тынайтықш ретінде қосады..  <b>Жеке жұмысы</b>  Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.  Күммен торфты салыстыру: Жер қыртысында қай жерде тез кебеді.  <b>Еңбек</b>  Ағаш түптері мен атызға торф тасу.  <b>Мақсаты:</b> торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.  <b>Қимылды ойын</b>  «Аққу-қаздар».  <b>Мақсаты:</b> берілген келісімде белгі бойынша қанақандары құйып жеткі.</p>	<p><b>Серуен-Бақылау №17</b>  <b>Бақылау:</b> Жәндіктерді бақылау  <b>Мақсаты:</b> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;  — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыры білуге үйрету.</p> <p><b>Бақылау барысы</b>  <b>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</b>  -Гүлдің нәрін жинайды,  Адамға бал сыйлайды.  Еңбеккорды аялайды.  Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)  -Қанды сорып сүліктей,  Ызылдап кеп шағады.  Бұл қандай бүлік дой? (маса)  -Ызылдап ән салып,  Жұп-жұқа қанаты.  Тәттіге тамсанып,  Қады. Сондықтан да  Бұл не? (шыбын)  -Құжынаған жұмыскер,  Бірлескенде тым іскер.  (құмырсқа)  -Тор тоқуға шебер-ақ,  Бірақ киім тікпейді.  Өнері де өнер-ақ,  Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)  <b>Жеке жұмыс</b>  ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)  ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? <i>(көбелек, құрт т.б.)</i>  ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозидандырады? (аралар)  ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)  ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді?</p>	

		<p>карауға болады? (қоңыр түсті айнекпен)</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..</p> <p><i>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</i></p> <p><b>Қимылды ойын «Күн мен түн».</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.</p> <p>Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.</p> <p><b>Мақсаты:</b> секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.</p> <p>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша</p>	<p>күшін анықтау. <b>Еңбек</b> Гүл өсіретін (клубба) алаңды дайындау</p> <p><i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</i></p> <p><b>Қимылды ойын «Кім жылдам?».</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> жүкіруге жаттықтыру. жылдамдықтарын дамыту.</p> <p>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.</p> <p><b>Мақсаты:</b> қозғалыс координацияларын дамыту.</p> <p>Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.</p> <p>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша</p>	<p><i>ойын шартын сақтау.</i></p> <p><b>Жаттығу ойыны</b></p> <p>Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.</p> <p><b>Мақсаты:</b> секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.</p> <p>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша</p>	<p>(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)</p> <p>♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа).</p> <p>♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)</p> <p>♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)</p> <p>♦ <b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Алаңды коқыстардан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қабірлеуге тәрбиелеу.</i></p> <p><b>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> кеністікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</p> <p>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.</p> <p><b>Мақсаты:</b> жүкіру техникаларын жақсарту.</p> <p>Халық болжамы: күзде құмырсқа алауы биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады</p> <p>Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың киімін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету				
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>Мақсаты:</b> Зейінін және есте сақтауын дамыту</p> <p><b>Жұмыс түрі:</b> Жанылтанш жағтату</p> <p><b>Қолданылған құрал:</b> Жанылтанш жазылған карточкалар</p> <p><b>Бақылау:</b> Қысқа сөздерді түрліс айтады.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Математикалық түсініктерін қалыптастыру</p> <p><b>Жұмыс түрі:</b> Сапап айту, салыстыру</p> <p>Қолданылған құрал:</p> <p><b>Күбиктер, сапап</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> Ұсақ моторикасын дамыту</p> <p><b>Жұмыс түрі:</b> Қағаз кино жапсыру</p> <p>Қолданылған құрал: Түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім</p> <p><b>Бақылау:</b> Қағазды қия алады, бірақ ұқынты жапсыруға қиналады.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Сөйлеу дағдысын дамыту</p> <p><b>Жұмыс түрі:</b> Сурет бойынша әңгімелеу</p> <p><b>Қолданылған құрал:</b> Сюжетті сурет</p> <p><b>Бақылау:</b> Сөздік қоры жақсы, бірақ сөйлеммен</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Әлеуметтік дағдыларын жетілдіру</p> <p><b>Жұмыс түрі:</b> «Менің досым» тақырыбында әңгімелесу</p> <p>Қолданылған құрал: Балалардың суреттері, смайликтер</p> <p><b>Бақылау:</b> Досының атын айта алады, бірақ сөйлем құрауда қысқа</p>

	бірақ ұзақ сөйлемдерді шағастырып кетеді.	таяқшалары Бақылау: 10-ға дейін санайды, бірақ кері санауға қиналады.		айтуға қиналады.	жауап береді.
Балалардың іс-әрекеті ( ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары )	<p><b>« Оқпені еріту » жаттығуы</b> Тып- тыныш дененізде бос ұстап отырыңыз . Өзіңізді караколенкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға ( ең жек көретін, көргініз келмейтін ) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін . қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз . Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .</p> 	<p><b>«Құпия заттар»</b> Ойынның мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету. Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншак, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып, бір-бірін құпия затты көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшак балалардың басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі. (Адалдық әліпсесі)</p>	<p><b>«Мамандық» дидактикалық ойын</b> Мақсаты: балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету. Балалардың әртүрлі мамандықтарға және олардың адам өміріндегі маңызын білуге қызығушылығын ояту. Барысы: бала мамандықты сол мамандық иесі қолданатын заттармен және құралдармен сәйкестендіреді. Карточкаларды сәйкестендіре отырып, бала осы мамандықтың маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін ата-аналары туралы айтады. (Қаржылық сауаттылық)</p>	<p><i>Тәжірибе: «Жылу қайда тұрады?»</i> Мақсаты: жылу көздері (күннің көзі, батарея, қолдар, шамның жалыны және т.б.) туралы түсінікті бекіту; жылда байланысты заттың агрегаттық күйін өзгеруін көрсету. Материал: балалар санына жеткілікті ермексаз, майшам, металл тәрелке. Әрекеттер: тәжірибе жүргізудің алдында ермексазды салқын жерге қою қажет. Балаларға ермексаздан бір зат мүсіндеу ұсынылады, олар ермексаздан не мүсіндеуге болатынын айтады. Педагог оларға ермексазды жылытудың бірнеше нұсқасын (күннің көзінде, батареяда, қолға ұстау арқылы, майшам жалының үстінде) жасап қоруды ұсынады.</p>	<p><b>Ойын: «Көршілеріңді ата»</b> <b>Мақсаты:</b> кеністікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту. <b>Жасы:</b> 5-6 жас аралығы <b>Қажетті заттар:</b> түрлі суреттер салынған қағаз беті. <b>Ойын барысы:</b> бұл үшін әр түрлі суреттер салынған қағаз беті пайдаланылады. <b>1 нұсқа:</b> педагог баладан қандай да бір затты атап, оның оң жағында, сол жағында, үстінде, астында не барын атауын сұрайды. <b>2 нұсқа:</b> педагог баладан қағаздың оң жақ жоғары бұрышында ненің суреті барын, беттің ортасында ненің суреті бары, т.с.с. сұрайды.</p> 
Балалардың үйге қайтуы	<p><b>Өнегелі 15 минут: Ата-аналарға кеңестер</b> “Жолда абай бол!” <b>Мақсаты:</b> Жол қауіпсіздігі ережесін меңгеру. <b>Ата-аналарға ұсыныс</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Баламен бірге жүргенде жол ережесін үнемі айтып, түсіндіріп отырыңыз.</li> <li>• Бағдаршам түстерінің мағынасын күнделікті қайталап, есте сақтауға көмектесіңіз.</li> <li>• Кошеден өтер кезде баланың қолынан ұстап, қауіпсіздікті бірінші орынға қойыңыз.</li> <li>• Жаяу жүргіншілер жолағымен ғана отуді әдетке айналдырыңыз.</li> <li>• Үйде жол белгілерін сурет, ойыншық немесе сурет арқылы таныстырыңыз.</li> <li>• Өз әрекетіңізбен үлгі болыңыз, себебі бала ересектерді қайталайды.</li> </ul>				

*Тексерілген класс*